

ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ ШАРТЫ БОЙЫНША САҚТАНДЫРУ ҰЙЫМЫНАН ТӨЛЕНЕТІН САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ МЕН САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЕСЕПТЕУ ҚАЛЬКУЛЯТОРЫН ПАЙДАЛАНУШЫСЫНА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасауға құқығы бар тұлғалар:

– міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын (ЗЖ) пайдаланып, 45 жасқа толған тұлғалар. МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен құралған ЗЖ жеткіліксіз болған жағдайда, ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен құралған ЗЖ пайдалануға болады;

– МКЗЖ есебінен құралған ЗЖ пайдаланып, жинап келгенде кемінде 60 күнтізбелік ай МКЗЖ төленген, 40 жасқа толған тұлғалар. МКЗЖ есебінен құралған ЗЖ жеткіліксіз болған жағдайда, МЗЖ есебінен құралған ЗЖ пайдалануға болады;

Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдері ай сайын жүзеге асырылады, бірақ сақтанушы:

ерлер - 55 жасқа;

әйелдер:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53 жасқа;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53,5 жасқа;

2029 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54 жасқа;

2030 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54,5 жасқа;

2031 жылғы 1 қаңтардан бастап - 55 жасқа;

өздері үшін МКЗЖ жиынтығында кемінде күнтізбелік 60 ай төленген 40 жасқа толған адамдар – 50 жасқа толғаннан кейін жүзеге асырады.

Зейнетақы аннуитеті шартына сай сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарының сомасын беруге міндеттенеді, ал сақтандыру ұйымы сақтанушының (зейнетақы төлемдерін алушының) және (немесе) сақтандырылушының пайдасына өмір бойы немесе белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді.

Зейнетақы аннуитеті шартының аясында кепілдендірілген зейнетақы төлемдері мерзімін таңдау мүмкіндігін көздеуге болады. Яғни зейнетақы төлемдерін алушы өмірден озған жағдайда, төлемдер оның мұрагерлеріне кепілдендірілген мерзім аяқталған сәтке дейін жүзеге асырылатын болады.

Бұл ретте, зейнетақы аннуитеті шарты бойынша төлемдерді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары республикалық бюджет туралы заңда белгіленген тиісті қаржы жылына арналған ең төмен күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен емес төлемді қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы қажет.

Калькуляторда нұсқа ретінде салымшының ЗЖ сомасына байланысты ай сайынғы сақтандыру (аннуитет) төлемін есептеу көзделген болса, сондай-ақ салымшының (алушының) ай сайынғы қалайтын сақтандыру (аннуитет) төлеміне байланысты сақтандыру сыйлықақысы есебінің нұсқасы да көзделген. Бұдан бөлек, есептеу нәтижесінде зейнетақы аннуитеті шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде сақтанушының (алушының) сақтандыру ұйымынан алуға құқығы бар ақша сомасы–сатып алу сомасының

мөлшері жөніндегі ақпарат қамтылады. Бұл ретте, Кодекске сәйкес басқа сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда, бірақ оны жасасқан күннен кемінде екі жыл өткен соң, зейнетақы аннуитеті шарты тек сақтанушының бастамасымен ғана бұзылуы мүмкін.

Есептеу нәтижесі номиналды бағамен де (инфляция есебімен) ағымдағы бағамен де (тиісті болжамды кезеңдегі инфляция есебімен) көрсетіледі. Бұл ретте есептеу нәтижелерін «Басып шығару» батырмасын басу арқылы басып шығаруға немесе «Поштаға жіберу» батырмасын басу арқылы жеке электрондық поштаға жіберуге болады.

Сіз бұл калькуляторды зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан төленетін сақтандыру сыйлықақысы мен сақтандыру төлемін алдын ала есептеу үшін пайдалануыңызға болады. Бұл ретте түпкілікті есеп сақтандыру ұйымына жүгінген кезде жасалады.